



EGEMEN QAZAQSTAN

Қазыналы әлеммен қауышты

Ұлттық академиялық кітапхана Мәдениет және спорт министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстанның халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойы аясында «Әбіш әлемі» атты оқу конгресін өткізді.



Нұр-Сұлтандағы Тәуелсіздік сарайында өткен үлкен жиын «Әдеби кездесумен» ашылды. Кекілбаевтар отбасының ұйытқысы, жазушының жары Клара Жұмабайқызы, қыздары Зәузат пен Сәулет, келіні, немерелері Абыл мен Әділ қатысып, зиялы қауым алдында кемел жазушы жайлы естеліктерімен бөлісті. Қ.Қуанышбаев атындағы драма театрдың әртістері кездесудің шырайын келтіріп мерейтой иесі Әбіштің, жазушының анасы Айсәуленің, жары Клара мен балаларының образдарын жасап қақ төрде отырды.

Қонақтар Тәуелсіздік сарайының фойесінде жазушының ғұмыры мен шығармашылығына арналған «Әбіш әлемі» атты фотокөрмені тамашалады. Оған қаламгердің кітаптарының цифрлық көшірмелерінің QR кодтары мен жеке мұрағаттағы ең жарқын сәттері бейнеленген 50-ден астам суреттері қойылды. Сондай-ақ, «Қазақстан мен шет елдерден алған наградалар» деген тақырыпта қаламгердің көзі тірісінде жеткен жетістіктері – 100-ден астам марапаттар, дипломдар мен алғыс хаттар қойылды. Оның ішінде Құрмет ордені, Отан ордені, Қазақстанның Еңбек Ері, Достастық ордені, Тұңғыш Президент ордені, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығы, Елбасының

бейбітшілік және рухани келісім сыйлығы, Қазақстанның Халық жазушысы, «Платинум Тарлан» сыйлығының куәліктері және т.б. марапаттар бар.

Заңғар жазушыға арналған оқу конгресі Құрманғазының әйгілі «Адай» күйімен ашылды. Ақын Светқали Нұржанның жазушыға арнаған «Мадақ жырын» елордалық Қаллеки театрының әртістері орындады.

Конгресте алғашқы бейнеқұттықтауларды шетелдік қаламгерлер, ғалымдар мен аудармашылар жолдады. Олар – венгриялық түркітанушы ғалым Оңайша Мандоки, әдебиеттанушы Бода Лайош, этнограф ғалым Дәуіт Шомфай Қара, ресейлік әдебиеттанушы Николай Анастасьев, германиялық әдебиеттанушы, аудармашы Кристина Лихтенфельд, түркиялық ғалым Хулия Касаноглу Ченгел, ресейлік прозаик, аудармашы Анатолий Ким және басқалар. Әбіш Кекілбайұлымен шығармашылық байланыста болған бұл шетелдік зиялы қауым өкілдерінің әрқайсысы қаламгер жайлы өз пікірлерін, оның «Аңыздың ақыры» романын аудару барысындағы кейбір мезеттерді әңгімеге арқау етті. Жалпы, «Аңыздың ақыры» жазушының өзге тілдерге ең көп аударылған шығармасы. Биылғы «Бір ел – бір кітап» акциясында да жұртшылық тарапынан дәл осы романның таңдап алынуы тегін болмаса керек.

Конгрес барысында Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың құттықтау хатын оқыды. Министр жазушының «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында таңдалған «Аңыздың ақыры» романын бір жылдың көлемінде республика бойынша 4 мың кітапхананың шеңберінде 700 мыңнан аса адам оқығанын жеткізді.

Үлкен жиында мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы, әдебиеттанушы Сұлтан Оразалин, Еуразия университетінің доценті, ақын Оңайгүл Тұржан, Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Төлен Әбдік жазушы туралы ой-пікірлерін, естеліктерін айтты. Ресми жиынды Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы, ақын Дәулеткерей Кәпұлы жүргізді.

Конгрес аясында Әбіш Кекілбайұлы шығармалары 20 томдығының тұсауы кесілді. «Әбіш әлемі» байқауының қорытындысы жарияланды. Бұл байқаудың бір ерекшелігі – Әбіш Кекілбаев – заңғар жазушы, Әбіш Кекілбаев – заманауи ойшыл, Әбіш Кекілбаев – айшықты ақын, тағы сол сияқты сырлы суреткер, тағылымды тарихшы дегендей жиырма қырын санамалап, әрқайсысын бір аталымға айналдыруында болды. Осы жиырма аталымның әрқайсысына, тіпті екеу-үшеуіне түрлі ұйымдар, партиялар мен жекелеген азаматтар демеушілік жасады. Соның ішінде «Ақ жол» партиясы, Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Назарбаев университет, ақын Есенғали Раушанов, елордалық дәрігер Қайрат Айдарханұлы, тағы басқа да азаматтар бар. Әлгі жиырмадан бөлек проза және поэзия аталымы бойынша екі Гран-при сыйлығы тағы бар. Айта кетейік, бұл екі Гран-придің екеуі де танымал қаламгерлерге бұйырды. Оның бірі – жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай болса, екіншісі – ақын Серік Ақсұңқарұлы.

Конгрестің екінші күнінде зиялы қауым өкілдері мен арнайы шақырылған қонақтар Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ашылған Әбіш Кекілбайұлы атындағы кабинетпен танысты, кітапханашылармен кездесті, Ұлттық пантеонға барып, марқұмның аруағына құран бағыштады. Жалпы, екі күнге созылған конгресте тағылымды, мазмұнды, қызықты іс-шаралар көп болды.

Айгүл СЕЙІЛОВА